

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын
Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияда
атап өтілген іс-шаралар туралы
ақпарат

№	Іс-шаралар саны			БАҚта жарық көрген мәлімет саны		Қамтылған	
	Мәдени іс- шаралар саны	Спорттық іс- шаралар саны	Ғылыми іс- шаралар саны	электрондық	басылым	барлығы	оқушылар
	8	19	5	21	4	351	334

2016 жылдан бастап Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шаралар гимназияда жоспарға сәйкес өткізілуде.

Ғылыми іс-шаралар арасында атап айтсақ, 2016 жылының 19 ақпан күні Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы қарсаңында гимназиямызда «Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхан» атты конференция өтті. Бұл шара қайраткердің мерейтойы алдында өскелең ұрпаққа «Алаш» қозғалысының негізін қалаушысы және жетекшісі, ұлт тарихының жанашыры, қазақ халқының азаттығы мен құқығы үшін күрескен алып тұлға ретіндегі қырынан танытуды мақсат етті. 25-26 наурыз аралығында «Дарын» РҒПО ұйымдастыруымен Астана қаласында өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты республикалық олимпиадасында біздің гимназияның 5-сынып оқушысы Фелькер Аделя І дәрежелі дипломмен марапатталды. 05-10 мамыр аралығында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өту шеңберінде облыстық «АКТ-ны пайдалана отырып, үздік бейнесабак» дистанционды конкурсына гимназияның бес мұғалімі бейнесабактарын ұсынып, жүлделі орындарға ие болды.

Мәдени іс-шаралар бойынша 27 ақпан күні «Мен жас ақынмын» атты Тәуелсіздікке арналған бастауыш сынып оқушыларының өлеңдер сайысы ұйымдастырылды. 1 қыркүйек күні салтанатты саптүзеу және барлық сынып сағаттары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Конституция күніне арналды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай **спорттық 25 іс-шаралар** өткізілуде, соның ішінде қазақтың ұлттық дәстүрін насихаттау және туған жеріне деген сүйіспеншіліктің аттыру мақсатында өткен «Асық ату» сайысына – 50 оқушы, «Тоғызқұмалақ» - 30 оқушы, «Қазақтың ұлттық ойындары» - 250 оқушы, мектепшілік денсаулық фестиваліне – 330 оқушы, танымжорыққа саяхатқа – 60 оқушы қатысты.